

Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселесі бойынша сыртқы экономикалық қызметке қатысушы салық төлеушілерге бірлескен тексерулер жүргізу кезіндегі прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, қаржы полициясы, салық және кеден қызметтері органдарының өзара іс-қимыл жасау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бас прокурорының 2005 жылғы 2 қыркүйектегі N 46, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 167, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 196, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 23 тамыздағы N 319, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 404 Бірлескен бұйырығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 17 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3896. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2006 жылғы 15 наурыздағы N 17 бұйырығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2006.03.15 N 17 бұйырығымен.

"Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселесі бойынша сыртқы экономикалық қызметке қатысушы салық төлеушілерге бірлескен тексерулер жүргізу кезіндегі прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, қаржы полициясы, салық және кеден қызметтері органдарының өзара іс-қимыл жасау ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) Төрағасының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Төрағасының тиісті орынбасарларына жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік

тіркеуге

жіберсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Бас прокуроры

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Экономикалық қылмысқа және

сыбайлас жемқорлыққа қарсы

күрес агенттігінің

(қаржы полициясы) Төрағасы

Қаржы вице-министрі -

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі Кедендік

бақылау комитетінің Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

Салық комитетінің Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Бас прокурорының

2005 жылғы 2 қыркүйектегі N 46,

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

төрағасының

2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 167,

Қазақстан Республикасының

Экономикалық қылмысқа және

сыбайлас жемқорлыққа қарсы

күрес агенттігі (қаржы

полициясы) төрағасының

2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 196,

Қаржы вице-министрі -

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің Кедендік

бақылау комитеті төрағасының

2005 жылғы 23 тамыздағы N 319,

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Салық комитеті төрағасының
2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 404
бірлескен бұйрығымен
бекітілген

**Трансферттік бағаларды қолдану кезінде
мемлекеттік бақылау мәселесі бойынша сыртқы
экономикалық қызметке қатысушы салық төлеушілерге
бірлескен тексерулер жүргізу кезіндегі прокуратура,
ұлттық қауіпсіздік, қаржы полициясы, салық және кеден
қызметтері органдарының өзара іс-қимыл жасау ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселесі бойынша сыртқы экономикалық қызметке қатысушы салық төлеушілерге бірлескен тексерулер жүргізу кезіндегі прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, қаржы полициясы, салық және кеден қызметтері органдарының (бұдан әрі - комитеттер мен ведомстволар) өзара іс-қимыл жасау тәртібін белгілейді.

2. Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселесі бойынша салық тексерулерін жүргізу үшін тиісті комитеттер мен ведомстволар тиісті салық органдарына есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-ші күніне дейін тоқсан сайын тексерулер жүргізу қажеттілігінің себептерін негіздей отырып салық төлеушілердің тізбесін, сондай-ақ кейіннен тиісті салық органының бақылау-экономикалық жұмыс жоспарына енгізу үшін трансферттік баға белгілеу мәселелерімен байланысты растаушы материалдарды жібереді.

3. Тиісті салық органы комитеттер мен ведомстволардан осы ереженің 2-тармағында көрсетілген салық төлеушілердің тізбесін алған соң, бес жұмыс күні ішінде, аталған салық төлеушілер бойынша жоспар жасайды және тиісті комитеттер мен ведомстволарды мұндай тексерулер жүргізудің мерзімдері туралы және сол немесе басқа салық төлеушілердің тексеру жоспарына енгізілмеу себептерін хабардар етеді.

4. Салық төлеушілерге тексеру жүргізу мерзімдері туралы хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде комитеттер мен ведомстволар көрсетілген тексерулерге қатысу үшін мамандардың тізімдерін ұсынады және олардың бірлескен тексерулерде қатысуын қамтамасыз етеді.

5. Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселесі бойынша тексерулер жүргізудің тәртібі мен мерзімдері салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. Прокуратура органдары

6. Тексеруді жүргізу кезінде ескеру үшін трансферттік баға белгілеу мәселелерімен байланысты қолдағы бар ақпаратты береді.

7. "Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізгі ережелерін түсіндіреді.

8. Тексеруге қатысқан прокуратура органының лауазымды тұлғасы тексеру нәтижелері бойынша анықтама жасайды.

3. Ұлттық қауіпсіздік органдары

9. Өз құзыреті шегінде жедел ақпарат беру жолымен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың трансферттік баға белгілеу туралы заңнаманы сақтауына бақылауды жүзеге асыру бойынша салық қызметі органдары мен кеден органдарына көмек көрсетеді.

10. Қолдағы бар халықаралық келісімдердің шеңберінде, олар бойынша ақпарат тексерулердің нәтижелеріне әсер ететін тиісті сұрау салулар жібереді.

11. Тексеруге қатысқан ұлттық қауіпсіздік органының лауазымды тұлғасы тексеру нәтижелері бойынша қорытынды жасайды.

4. Қаржы полициясы органдары

12. Тексеруді жүргізу кезінде ескеру үшін трансферттік баға белгілеу мәселелерімен байланысты қолдағы бар басқа да ақпаратты береді.

13. Қолдағы бар халықаралық келісімдердің шеңберінде, олар бойынша ақпарат тексерулердің нәтижелеріне әсер ететін тиісті сұрау салулар жібереді.

14. Тексеруге қатысқан қаржы полициясы органының лауазымды тұлғасы тексеру нәтижелері бойынша қорытынды жасайды.

5. Кеден органдары

15. Салық органдарымен бірлесе отырып трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселесі бойынша тексерулерді жүзеге асырады.

16. Жүк кедендік декларация мен тауарға ілеспе құжаттарда мәлімделген мәліметтердің барлығын және дұрыстығын, сондай-ақ жүк кедендік декларацияда және оған қоса берілетін құжаттарда кеден органының лауазымды

тұлғасының жеке нөмірлі мөрімен және қолымен куәландырылған кеден органы белгісінің барлығын тексереді.

17. Тексеруді жүргізу барысында тауарлардың экспорты (импорты) дұрыстығын, салық төлеушінің банктік шотына валюталық түсімнің немесе импорт бойынша тауарлардың түсімдерін тексереді.

18. Қолдағы бар халықаралық келісімдердің шеңберінде, олар бойынша ақпарат тексерулердің нәтижелеріне әсер ететін тиісті сұрау салулар жібереді.

19. Тексеру нәтижелері бойынша салық органдарымен бірлесе отырып тексеру актісін жасайды және қол қояды.

6. Салық қызметі органдары

20. Уәкілетті мемлекеттік органдарға нарықтық бағалар, сапа, дифференциал және сату бағасының нарықтық бағадан ауытқу шамасына әсер ететін жағдайлар бойынша ақпарат алу үшін сұрау салулар жібереді.

21. Кеден органдарымен бірлесе отырып кешенді жоспарлы тексерулердің шеңберінде трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселесі бойынша тексерулер жүргізеді.

22. Тексерулер аяқталған соң уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған ақпаратты және тексеруге қатысқан комитеттер мен ведомстволар уәкілетті тұлғаларының қорытындыларын ескере отырып тексеру актісін жасайды.